

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№17			
Күндері		20.12 -24.12.2021			
Өтпелі тақырыптың атауы		Қыс қызығы / Зимние забавы / Winter fun			
Мекеменің атауы, тобы		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Далабаева М.Қ.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "2-3 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?"				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышында тұрған өсімдіктердің ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнауға деген қалауын айтуға, көрсетуге, атауға үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауға көмектесу, су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; орамалдың ілетін орнын тапқызу, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Терезеннің әйнегінде қырау оюлары бар болса, балаларға байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Шыршада өседі ойыншықтар" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды шыршаға қарап, педагогтің соңынан қимылдарды қайталап, шырша туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту. - Шыршада өседі ойыншықтар, Қояндар өседі, қонжықтар. Шыршада өседі алтын алма, Алтын алманы жұлып алма. Шыршаның инесін ұстама, Саусаққа тиеді, байқа! Шырша сыйлықты бермейді, "Тақпақты оқып бер!" – дейді. Д. Ахметова	"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны. Мақсаты. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту. Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбізден мұрын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды. - Аққала денесі дөп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу)	"Қолғап" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік. - Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)	"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаларды бір-бірінің ішіне кезегімен салып жинау. - Қандай тамаша! Алдымызда көп сандықша. Сандықшалар бірдей емес, Кішкентай, орташа, үлкен. Кішкентайды үлкенірекке салайық, Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.	Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан қыс туралы суретке (ауладағы қардың жауғанына) қарап, көркем сөзді айтып, жаттығуларды жасауға үйрету; тілін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жағымды әсер алу даңдыларына машықтау. - Алақай! Алақай! (шапалақтау) Келді суық қыс міне (алақанды уқалау), Біз далаға шығамыз (саусақтарды қимылдату), Жаттығу жасаймыз (шапалақтау), Бір, екі! Бір, екі! (жұдырықты қысып, ашу) Қарды қағып, бір, екі (алақан қағу)!
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың төбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ...				
Ойындар,	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Біз көңілді баламыз, Ақылды боламыз. Қыс мезгілі тамаша қандай, балақай! Қанекей, қызықтаймыз, алақай!				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Қысқы алашадағы қар". Мақсаты. Балаларды қарындашпен көлденең сызық бетіне, "алашаға", кезекпен тұйықталған, көлемі әртүрлі дөңгелектерді алашаның сол жағынан оңға қарай бір-бірінен кейін қойып, тізіп салуға үйрету; салынған сурет объектілерін, "қар ұшқындарының" бір тізбекте болуын бақылауға дағдыландыру; қар туралы ұғымдарын қалыптастыру. <i>"Қармен ойнайық" қимыл жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Дөңге өрмелейік". Мақсаты. Балаларды гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығуға үйрету; өз беттерімен бір-бірлеп өрмелеу арқылы қайтадан түсе білу дағдысына машықтандыру; гимнастикалық қабырғаға өрмелеу техникасымен таныстыру. Балалардың гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; гимнастикалық қабырғаға өрмелей білудің дағдыларын қалыптастыру;оқу қызметінде белсенділіктерін арттыру. <i>"Мені қуып жетіңдер" қимыл ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту. "Қуыршақ Данамен серуендеу". Мақсаты. Балаларға қыс қызығы туралы түсінік беру; адамның қысқы киімдерінің атауына үйрете отырып, олардың түрлерімен таныстыру; адамның қыс мезгіліндегі тіршілік ерекшелігі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың қысқы киім атаулары арқылы есте сақтауы мен тілін, бақылағыштығы мен зейінін, қабылдау қабілетін дамыту. <i>«Қуыршақ Дананы серуенге шығарайық» ойыны.</i> Музыка. "Көңілді қыс". Мақсаты. Балаларда көңілді музыканы тыңдай отырып, шаттық көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасай білуге машықтандыру; қыс мезгілінің қызықтарымен таныстыру. <i>"Қыста не жүрмейді?" ойыны.</i>	Сенсорика. "Қолғап". Мақсаты. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; жасына сай қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін дамыту. <i>"Екі пішінді қос" тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Біз қалай өрмелейміз?" Мақсаты. Балаларды доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін жетілдіру; кеглилармен жалпы дамыту жаттығуларын жасау; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін, ептілік қабілеттерін дамыту; тыныс алу жаттығуы арқылы төрттағандап еңбектеп өтуге ынталандыру; жабайы жануар аюдың қорегі жайлы білімдерін толықтыра отырып, қимылды ойынға қызығушылықтарын ояту. <i>"Балық аулаймыз" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Қысқы ойынға шығайық". Мақсаты. Балалардың мазмұнды сурет арқылы қысқы ойындар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, көрсетуге дағдыландыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. <i>"Қысқы ойынға шығайық" суретімен танысу.</i> Дене шынықтыру. "Дені саудың - жаны сау". Мақсаты. Балаларды доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; жалпы дамыту жаттығуларын жасауда қол, дене, аяқ бұлшықеттерін, ептілік қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау, қорытындылау. <i>"Кеглиді соқ" қимылды ойыны.</i>	Мүсіндеу. "Шырша моншақтары". Мақсаты. Балаларды ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауға үйрету; алақанда мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; құрдастарымен ойнау арқылы жағымды эмоционалды сезімге бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың ермексазбен жұмыс істеуге қызығушылықтарын ояту; сабақта мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу. <i>"Шыршаны айналу" ойыны.</i>

Қарды бақылау (қардың түсі).
Мақсаты. Балалардың қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылықты ояту; сөзбен атау, оның түсі ақ, жұмсақ екеніне көңіл аудару.
- Балалар, бәрекелді!
- Қарандаршы, айналада не жатыр?
- Иә, бұл қар.
- Қардың түсі қандай?
- Жауды, міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ.
Жасырыпты жолдарды, Терістепті орларды.
Еңбекке баулу тапсырмалары:
балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.
Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамы^ту.
Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді".
Мақсаты. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, ады.

Ал енді, пингвиндер, ^тоқ ^та!

"Шеңберге дәлде" ойын^жаттығуы.
Мақсаты: балаларда нысанаға (қарды)

^т қабілеттерін дамы^у.

Қарды бақылау (қардың жерге түсуі).
Мақсаты. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырындап түскеніне көңіл аудару, қардың көп болғанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.

- Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру),
Тонды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою).

Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді), Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді).
Д. Ахметова
Еңбекке баулу тапсырмалары:
балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру.
Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамы^у.
"Кім тыныш?" қимылды ойыны.
Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш

толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.
- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік.
Сайға қарай адымдаймыз,
Түрлі дыбысты тыңдаймыз.
Көрейік. Бұл қай бұрыш?
Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...
- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік

- Бұл жақта не бар екен?
- Тамаша ...
Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.
Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.
"Өткеншек" қимылды ойыны.
Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.
Бір жоғары, бір төмен,

Аққаланы бақылау.
Мақсаты. Балаларды табиғат құбылысы қардан қаланған аққаламен таныстыру, оның пішіні мен келбетінің ерекшелігін байқату; жағымды көңіл-күйге бөлене білуге ынталандыру.
- Балалар, бәрекелді!
- Қарандаршы, айналада не жатыр?
- Иә, бұл қар.
- Ал бұл не?
- Жарайсындар, аққала.

- Қыс мезгілі. Аппақ қала.
Ақ көшелер. Ақ сала.
Ақ көшелер. Ақ сала.
Аулада тұр аққала.

Аққала ақ денелі,
Аппақ етегі, жеңі,
Аппақ беті, дақ көзі,
Ақ басында шелегі.

балаларды аққаланың бетін қардан

Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әре^кет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.
"Қарлы жолдарды басайық" қимылды

Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамы^у,

Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.
Алдымызда ұзынша
Жайылып тұр жолақша.

Қарды бақылау (қардың жерге түсуі).
Мақсаты. Балаларға қардың жоғарыдан төмен ақырын түскеніне көңіл аудару, қардың ақша қарлардан құралатынын, жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін, ой-қиялын дамыту.

"Қар".
Ақ мақтадай ұлпа қар
Жамылыпты қырқалар.
Қалың-қалың тоң киіп,
Маужырайды шыршалар.
Шәймерден Әлдибекұлы.
Еңбекке баулу тапсырмалары:
балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.
Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
"Біз көңілді баламыз" қимылды

жаттығуы.
Мақсаты. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.
- Біз көңілді балалармыз,
Қатар-қатармен тұрамыз,
Көтеріміз иықты,
Бақылаймыз жан-жақты.
Жүріп-жүріп асықпай,
Тез өсеміз, алақай!
"Көпірден өт" қимылды жаттығуы.

ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.

Қолғапқа түскен ақша қарды бақылау.
Мақсаты. Балаларға қолғапқа түскен, салмағы жеңіл, көлемі кішкентай, ақша қарды бақылауға үйрету; ақша қардың оюға, гүлге ұқсағандығын байқату; көрген құбылыстан жағымды әсер алуға ынталандыру.
- Балалар, қолдарыңды созып, алақандарыңды ашыңдаршы.
- ҚОлғаптарға не түсті?
- Иә, ақша қарлар түсіп жатыр.
- Ақша қарлар оюлы, Күн көзіне жылтырайды.
Ақша бұлттың гүлдері
Баяу ұшып, асықпайды.
- Ақша қарлар неге ұқсайды?
- Жарайсындар, ақшақарлар кішкентай гүлдерге ұқсайды.
Еңбекке баулу тапсырмалары:
балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.
Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
"Қолғап" қимылды жаттығуы.
Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.
- Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.

- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)
Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сип^ау)
Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сип^ау)
Киіп алсақ – жарап тұр.(алақандарымен ары-^бері бұраңд^ау)

Біз татуымыз, біз біргеміз,
Шапалақтап, секіреміз.

Секір, секір! Шапалақ!
Жаттығу бірнеше рет қайталанады.

Топ-
топ еті
п баса
йық,
Қадам
басып
барай
ық.
Секіре
міз оп-
оп!
Біз жү
реміз т
оп боп.

Ал енді бі
з жүгірейк,
Саптан қа
лмай,
үлгерейік.
Жүгір,
жүгір,
балақай!

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Қайда?" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балаларды мультфильмнің бас кейіпкерінің қайда жасырынғаны туралы ұғымдарды игеруге, сол орындарды атауға ынталандыру; зейінді, ойлау, эмоционалды жауап беру қабілеттерін дамыту.	"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы. Мақсаты. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.	"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. Мақсаты. Баланың көз дәлдігін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында әртүрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" Мақсаты. Балаларға мысықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға мысықтың маскаларын кигізу, табақша ойыншық ыдыстарын ұсыну. "Мысық қалай ішеді?" - Көзін жұмып көлгірсіп, Жалап-жалап ішеді. Бәрін өзі білгірсіп, Санап-санап ішеді. - Себебі не сондағы? - Сонша сараң болғаны. С. Боранбаев	"Көңіл-күй" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балаларды негізгі көңіл-күйлерді ажыратуға, оларды атауға ынталандыру; эмоцияларды жетілдіру.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" - Алақай! Алақай! Келді суық қыс міне, Біз далаға шығамыз, Жаттығу жасаймыз, Бір, екі! Бір, екі! Қарды қағып, бір, екі, Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Міне, міне, қар жауды". - Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау). Міне, ақшақарым-ай (алақандарды ашып, айналдыру), Тоңды саусақтарым-ай (алақандарды бір-біріне қою). Міне, міне, қар жауды (екі алақанды екі жаққа жайып, жоғары көрсету), Міне, жинады тауды (шапалақтау), Міне, басты балақай (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді), Аяқпенен тәй-тәй (қол белде, аяқпен сап түзегендей болып жүреді). Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Қолғап". - Қане, қолғапты киеміз, Бір қолды салып көреміз, Екінші жұп қолғапты Киіп алсақ – жарап тұр. Д. Ахметова	Ермексаздан кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту. "Шаңғының жолы".	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" "Мысық қалай ішеді?" - Көзін жұмып көлгірсіп, Жалап-жалап ішеді. Бәрін өзі білгірсіп, Санап-санап ішеді. - Себебі не сондағы? - Сонша сараң болғаны. С. Боранбаев
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "2-3 жасар баланың ойын іс-әрекеті", "2-3 жасар бала қандай ойындарды ойнауды ұнатады?"				

